



Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс формалары



Мақсаты:

Әр түрлі іс-шаралар арқылы ата-анамен мектептің байланысын күшейте отырып қоғамның байлығы- саналы ұрпақ тәрбиелеу.

**Тәртіптің ең тамаша мектебі –
отбасы**

С.Смайлы

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс формалары

Даралық

Топтық

Бұқаралық

Педагогикалық лекция

Ашық есік

Сұрақ-жауап кеші

Жалпы ата-аналық жиналысы

Топ ата-аналық жиналысы

Жиналыс диспут

Практикум

1-қызметі: Ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне түрлі әрекеттер арқылы тарту.

- * Балалар мен ата-аналардың шығармашылық күні
- * Ашық сыныптар мен сыныптан тыс іс-шаралар
- * Ата-аналардың мектеп кеңесі жұмысына қатысуы
- Мектеп пен сыныптың материалдық-техникалық базасын күшейтуге және сыныптан тыс
 - іс-шаралар ұйымдастыруға көмек көрсету.

2-қызметі: ата-аналармен педагогикалық –психологиялық ағарту жұмысын ұйымдастыру

- Тәрбиенің жекелеген мәселелері бойынша ата-аналарға мектептік, сыныптық конференциялар ұйымдастыру
 - * Психологиялық, педагогикалық, медициналық заң туралы кеңестер
 - * Тренингтер
- қызығушылықтары негізінде (қабілетті балалар, қиын балалар, түрлі үйірмелерге қатысатын балалар т.б)
 - ата-аналар лекторийлері

3-қызметі: Ата-аналарды балаларды бірлескен әрекетке тарту

Оның формалары:

- * Сынып жетекшісі ұйымдастырған барлық әрекетке қатысу (саяхат, сеңбіліктер, жөндеу жұмыстары т.б)
- Жалпы мектептік дәстүрлі іс-шараларды ұйымдастыруға ата-аналарды қалыптастыру (түлектер кеші, ардагерлермен кездесу)
 - * Оқырмандар конференциясы
 - * Отбасылық ойын байқаулары
- Республика және оның шегінен тыс алыс жорықтарға шығуды немесе дайындалуды
 - ата-аналармен бірге жүргізу

4-қызметі: Жекелеген оқушылардың отбасындағы тәрбиеге түзету жұмыстарын жүргізу.

- * Тәрбие саласына байланысты психологиялық-педагогикалық кеңестер мен көмектер беру
 - * «Қиын» және « қатерлі топ» балаларына көңіл бөлу
- * Отбасында жиі кикілжің нәтижесінде психологиялық ахуалы ауыр және қиын бала өсіп келе жатқан отбасына көңіл бөлу

5-қызметі: Ата-аналар белсенділері мен ата-аналардың қоғамдық ұйымдарымен өзара әрекет ету

Аналар мектебі

Ережесі:

Әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жеке тұлға ретінде қалыптастыруға көмектесу.

Оқушылардың жеке басын сыйлауға үйрету, дөрекілікке жол бермеу.

Оқушылардың жанұларымен, ата-аналармен тығыз байланысты болу, мәдениетті сыпайы қарым-қатынас орнатуға оқушыны, ата-ананы жеке тұлға ретінде құрметтеуге үйрету.

Мектеп мүлкін сақтауға атсалысу.

Мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы тығыз байланысты орнатуға ықпал ету.

Мүмкіндік болған жағдайда оқушының, ата-ананың талап-тілектерімен санасу.

Мектептегі түрлі іс-шараларға көмектесу.

Сыныптан тыс іс-шараларға өз пікірін білдіру.

Материалдық-техникалық базаны көтеруге көмек көрсету.

Бақылаушылық қызмет.

Бала тәрбиесіне ата-аналарды белсенді қатыстыру.

Жас ата-аналар мектебі

Ережесі :

Балаларды жақсы қасиеттерге баулу, үлкендерді сыйлауға, қамқор болуға үйрету.

Оқушыларды имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қасиеттерді айыра отырып, оқушылардың әдеп әліппесін бойына дарытуға ықпал жасау.

Әдеп-ғұрыпты сақтайтын, дәстүрді жалғастырумен қайырымды ұрпақ тәрбиелеу.

Ата –бабаларымыздың бізге жеткен көптеген ұлағатты ғибрат аларлық тамаша тәлім-тәрбиесін жас ұрпаққа ұғындыру.

Тәрбие саласына байланысты ата-аналардың сұранысы бойынша түрлі семинарлар, тренингтер өткізу.

Халқымыздың әдеп-ғұрпын сақтау, жалғастыру мақсатында ата-аналармен түрлі іс-шаралар өткізуге көмектесу.

Бала тәрбиесіне байланысты түрлі сұрақтар бойынша мұғалімдер және психолог, әлеуметтік педагогтан кеңестер алу.

Отбасында және мектептегі баланың мәдениетті жүріс-тұрысын тәрбиелеу әдістерін педагогтармен бірлесе отырып талқылау.

Отбасының бала тәрбиелеудегі ролі бойынша тақырыптық жиындар.

Ата-аналарды педагогикалық-психологиялық, бірліктермен қаруландыру.

Ақсақалдар мен әжелер кеңесі

Ережесі:

Аталардан,әжелерден қалған ұлағатты,ғибрат аларлық сөздерді балаларға ұғындыру,
сол сөздерден өнеге алуға баулу.

Жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеуге ата-анаға сынып жетекшісіне көмек беру.

Өз елінің патриотын тәрбиелеу.

Ата-тегін білуге үйрету.

Ата-баба дәстүрін жалғастыру.

Оқушыларды мемлекетіміздің жостық пен бейбітшілік қарым-қатынасы мен
тарихын білуге тәрбиелеу.

Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты реттеуге ықпал ету.

Мұғалім мен ата-арасындағы үйлесімді тығыз байланысты орнатуға ақыл кеңестер беру.

Халқымыздың әдет-ғұрып,салт дәстүрін сақтау жәнежалғастыру мақсатында оқушылар
арасында әңгіме сағаттарын өткізу.

Ата-аналарға бала тәрбиесіне байланысты жеке кеңестер беру.

Отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастыққа келесі тірек сызба бойынша ұйымдастыруға болады:



Ұстаздың ата-анамен жұмысының мазмұны негізгі үш блоктан тұрады.

Психологиялық педогогикалық білімдерін көтеру

-Дәріс беру,семинар.
-Конференция
-Ашық сабақтар,сыныптық іс-шаралар

Ата –аналарды оқу-тәрбие үрдесіне тарту

-Ата-аналар жиналысы
-Үйірме, біріккен шығармашылық істер
-Қамқорлыққа алу
-Материалдық-техникалық жағдайын

Ата-аналарды мектеп басқару ісіне қатыстыру

-Мектеп кеңесі
-сынып кеңесі,сыныптағы ата-аналар комитеті.

Жанұяның қазіргі кезеңдегі негізгі функциялары:

тәрбиелілік

рухани-адамгершілік

таным-білімділік

тұрмыстық

еңбекқорлық

мәдени- білімділік

шығармашылық –демалыс

Жанұяның негізгі міндеттері:

Баланың үздіксіз дамуын қадағалап отыру

Бала денсаулығына қамқорлық жасау

Баланың оқуына көмек беріп отыру

Еңбек тәрбиесі және мамандық таңдауға көмектесу

Баланың жан-жақты дамуына көмектесу

Баланың қызығушылығын, бейімділігін, шығармашылығын дамыту

Баланы өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға дайындау

Жанұя тәрбиесінің компоненттері:

Жанұя тәрбиесіндегі ахуал (дәстүр, жылылық, қарым-қатынас)

Жанұя өмірінің тәртібі

Ұрпақтар сабақтастығы (әке, шеше, ата, апа, балалар)

**Ата-аналармен жұмыста дифференциалды ықпал ету
Жанұя 5 типке бөлінеді:**

- 1-тип.** Жанұядағы адамгершілік құндылығы жоғары деңгейде қалыптасқан. Бақытты, дені сау жанұя. Балаларға бар мүмкіндік жасалған. Кей уақытта жекелеме кеңестер қажет бола тұра, ұстаздардың араласауы аса керек емес.
- 2-тип.** Жұядағы ата-аналардың қарым-қатынасы жақсы бола тұра, бала тәрбиесінде бағыт жоқ. «Бала тек ата-ананың ерекше» қамқорлығын сезінеді, «өзімшіл» болып өсіп келеді. Сондықтан ұстаздың көңіл аударуы сөзсіз талап етіледі.
- 3-тип.** Ынтымақсыз жанұя. Мұндай жағдайда ата-аналар өзара қарым қатынас дауынан аса алмайды. Бала тәрбиесі мүлде ескерусіз қалған. өсіп келе жатқан ұрпаққа әсері болмас үшін, жанұядағы көңіл-күйді өзгертуге белсенді педагогикалық ықпал қажет.
- 4-тип.** Сырттай қарағанда қолайлы жанұя қатарында болғанымен, рухсыздық, нақты адамгершілік құндылықтар, ұрпақтар ізгілігінің бұзылуы сияқты жағымсыз қасиеттер басым. Мұндай жанұямен тәрбие жұмысын жүргізу ерекше қиындық туғызады.
- 5-тип.** Қолайсыз жанұя, мұнда дәрекілік, ұрыс-керіс, жағымсыз тәртіртіп сияқты сипаттар көп. Баланың қызығушылығын қорғау үшін мұндай жанұяларға тұрақты педагогикалық бақылау, қоғамдық орындардың араласуы үнемі қажет және талап етіледі.

Ата-аналар комитетінің басқаруы
“ Жан –жақты тәрбие жалпыға ортақ”

- Ата-аналар жиналысын басқару
- Мектептен тыс тәрбие шараларын ұйымдастырады.
- “ Ашық есік”күнін ұйымдастыру
- Ата-аналардың педагогикалық оқуын ұйымдастыру

Ата-аналар жиналысы-ата-аналарға педагогикалық білім береді,олардың педагогикалық мәдениетін көтереді, баланы тәрбиелеуге көмектеседі,мектептің оқу-тәрбиесіндегі міндеттерді жүзеге асыруда ата-аналардың белсенділігін көтереді,ынтымақтастықты нығайтады.

Ата-аналар жиналысының тақырыптары мектептің жылдық жоспарындағы тәрбие жұмысының іс-шараларына,сыныптың жас ерекшеліктеріне, ағымдағы міндеттерге байланысты іріктеліп алынып,бір апта бұрын жиналыстардың өткізілу кестесі бекітіледі.Жиналыстар алдында оның пәрменділігін арттыру мақсатында сынып жетекшілері тақырыпқа байланысты нұсқау кеңес қткізіп,ата-аналарға қойылатын талаптар әңгіме болады.Ата-аналар жиналыстары қажеттілігіне қарай кейде сынып жетекшісінің қалауы бойынша дайындалып,таңдалып алынады.

Сынып жетекшісіне ата-аналар жиналысын өткізуге еркертпе:

- Ата –аналар жиналысы туралы ата-аналарға алдын ала хабарлау (оқушының күнделігіне жазып жіберу керек);
- Жаңақ сынып жетекшісі жиналысты оқушылардың ата-анасымен танысудан бастайды;
- Ата-аналарды мектептің,сынып ұжымының осы оқу жылындағы мақсатымен,міндеттерімен таныстырады.

Ата-аналар ұсыныстары:

- Қосымша сұрақтар,міндеттер қою
 - Ата-аналарды факультатив,секция,үйірме жұмыстарымен таныстыру;
 - Ұйымдастыру мәселелерін шешу: құрамы 3 адамнан тұратын ата-аналар комитетін құру;
- Ашық есік күні,**
ата-аналар жиналысы туралы мәліметтер беру;
- Жиналысқа келе алмағаната-аналармен жеке кездесу ұйымдастыру



Ата-аналар жиналысын дайындау ережесі

Жиналыс мақсаты: Сынып оқушыларының ата-анасымен танысу, ата-аналарды өзара таныстыру, ата-аналарды мектептегі жұмыстарға тарту.

Ұйымдастыру жиналысының міндеттері:

Ата-аналардың қызығушылық басылымдылықтарын білу;
Ата-аналарды сынып жетекшісінің сынып ұжымымен өткізілетін шығармашылық, белсенді іс-әрекеттерінің жоспарымен таныстыру;
Ата-аналар комитетінің сайлауын өткізу

Ұйымдастыру ата-аналар жиналысында төмендегі сұрақтарға жауап алынуы тиіс:

1. Ата-аналардың аты-жөні, тегі.
2. Туған жылдары, білімі
3. Мекен-жайы, телефоны
4. Ата-аналардың мамандығы, кәсібі
5. Жанұядағы бала саны, жас мөлшерлері
6. Толық немесе толық емес жанұя
7. Бала дамуындағы ерекшелік (Дәрігерлік есепте, жиі ауырады, созылмалы ауыруы бар т.с.с)

Ұйымдастыру ата-аналар жиналысының үлгісі

Ата-аналар отырған соң, алдын-ала дайындалған сауалнамаға жауап береді)

I. Сынып жетекшісінің кіріспе сөзі.

Сынып жетекшісі өзінің педагогикалық тәжірибесі жөнінде, сол сыныптың жетекшісі ретінде оқыту мен тәрбиені ұйымдастырудағы жоспары туралы айтады.

II. Оқушылардың ата-анасы өзара танысады.

III. Ата-аналарға ескерткіш кітапшалар таратылады.

Бұл кітапшаға ата-аналар тәрбие туралы ұлағатты сөздер, өз баласының тәрбиесі жөнінде ұсыныс, ой пікірлерін жазады.

IV. Сынып жетекшісі ата-аналарды оқу-тәрбие жұмысының жылдық жоспармен, мектеп дәстүрлерімен таныстырады.

V. Ата-аналар төмендегідей кестені толтырады:

Сіздерді толғандыратын тәрбиедегі кедергілер	Сыныпта ұйымдастыра аламыз				Ата –аналар комитетінің құрамына кіре аламын. Көмек көрсете аламын
	Тәрбие сағаты	Үйірме	Секция	Студия	

VI. Мектеп бойынша экскурсия

VII. Ата-аналар комитетін сайлау.

Тақырыптық ата-аналар жиналысының үлгісі

Тақырыбы: Адамның тұлғалық, мәдени қасиетін дамытудағы кітаптың ролі

Өткізу формасы: Дөңгелек үстел

Жиналыс оқушылармен бірге өтеді. Ата-аналар арасында сауалнама жүргізіледі.

Сауалнама қорытындысы
сынып жетекшісінің келешектегі жұмысына қажет.

Пікір алысатын сұрақтар:

1. Мектеп кітапханасының оқырымандар туралы қорытынды сараптамасы. Кітапты көп оқитын оқушыларды марапаттау.

2. Пән мұғалімдерінің оқулықтардың сақталуы, оған қойылатын талаптар туралы пікірлері.

3. Ата-аналар мен оқушылардың ой-пікірлері.

* Жанұядағы кітап қоры;

* Біздің жанұядағы дәстүр

* Оқушылардың кітап оқуға көзқарасы

4. Ата-аналарға әзірленген анкеталық сұрақтар

1. Балаңыз кітап оқуды сүйе ме?

2. Балаңыз жақсы кітапты сыйлық санайма?

3. Жанұяда қандай кітап оқисыздар?

Қорытынды ата-аналар жиналысының үлгісі

Тақырыбы: Өткен оқу жылының қорытындысы- « Сынып парақтары....»

Өткізу формасы: Ауызша журнал

Жиналыс ата-аналар мен оқушылардың бірігіуімен өтеді.Кездесу қызықты,ерекше,салтанатты түрде өтуі керек.

1-парақ. «Біздің сабақтардағы сәтіміз..» (Сабақтардан фрагмент)

2.-парақ « Біз үзіліс кездерінде...» (Сергіту сәттері,ойындар т.б)

3-парақ « Сабақтан соңғы уақытта..» (Сыныптағы жыл ішінде ең жақсы өткен іс-шаралардан көріністер)

4-парақ « Біздің шығармашылық..» (Оқушылардың шығармашылық көрмесінен,үйірмелерден көрініс)


5-парақ. « Біз және ата-аналармен жұмыс..» (Сыныптағы белсенді ата-аналарға алғыс айтып марапаттау..)

6-парақ «Біздің жазғы жоспарларымыз..» (ата-аналар оқушылармен,сынып жетекшісімен бірігіп фотаға түседі)

Ұстаздар мен ата-аналарға кеңес:

Егер:

- Егер баланы үнемі сынап отырса,оның оқуға құлқы болмайды.
 - Балаға үнемі күлсе, олбұйығы болып кетеді.
 - Баланы мақтап отырса,ол өз қадірі үшін оқиды.
 - Баланы қолдап отырса,ол өз бағасы үшін оқиды.
 - Бала төзімділікте өссе,ол басқаларды түсінуге үйренеді.
 - Бала адалдықта өссе,ол адал болып жетеді.
 - Бала қауіпсіз жағдайда өссе,ол адамдарға сеніммен қарайды.
 - Бала кекшілдікте өссе,ол қатігез болып өседі.
- Бала түсіністікте және сүйіспеншілікте өссе,ол бұл әлемінен махаббат табуды үйренеді.



Нәтиже:

1. Анаға әсіресе қыз бала жарқын, қыз-ананың көмекшісі, ктушісі, үлкен үмітін атқарушы, болашақ ана.
2. Ата-ананың ақ сүтін ақтау үшін оның өсиетін тыңдап, өнегесін орындай біледі.
3. Мектепішілік ата-аналар жиналысына қатысады.
4. Мектеппен байланыс жасайды.